**Қызылорда облысының аумағындағы жер учаскелерімен 25484 және 61800 әскери бөлімінің жер пайдалану құқығын тоқтату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 ақпан N 170

Қызылорда облысының аумағындағы жер учаскелерімен жер пайдалану құқынан Россия Федерациясының Қорғаныс министрлігі 25484 және 61800 әскери бөлімдерінің бас тартуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жер туралы" Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717_ Жарлығының 60-бабы негізінде Арал ауданының аумағындағы жалпы көлемі 11323 гектар жер учаскелерімен осы әскери бөлімдердің жер пайдалану құқы тоқтатылсын.

2. Қызылорда облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің басқа жер пайдаланушыларға жер пайдалану құқын беру және осы қаулының 1 тармағында көрсетілген жер учаскелерін қосымшаға сәйкес запастағы жер құрамына көшіру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 7 ақпандағы
N 170 қаулысына
қосымша

Бұрын қорғаныс мұқтажы үшін пайдаланылған жер учаскелерімен
жер пайдалану құқық берілетін Қызылорда облысының Арал
ауданы жер пайдаланушыларының
ТІЗІМІ

---

| Жер учаскелерімен жер пайдалану құқы тоқтатылған әскери бөлімдер атауы | Бұрын әскери бөлімдер пайдаланған жер учаскелерімен жер пайдалану құқы берілетін жер пайдаланушылар |
| --- | --- |

| атауы

25484 әскери бөлімі "Құланды" ұжымдық шаруашылығы
Арал қаласы әкімінің қарамағына
Запастағы жер

25484 әскери бөлімі бойынша
қорытынды

61800 әскери бөлім Арал қаласы әкімінің қарамағына

25484 және 61800 әскери
бөлімдері бойынша барлығы

оның ішінде: "Құланды" ұжымдық шаруашылығы
Арал қаласы әкімінің қарамағына
Запастағы жер

| Берілетін жер учаскелерінің аумағы (гектар) | | | |
|---|---|---|---|
| барлығы | оның ішінде | | |
| | жайылым | құрылыстар мен ғима. раттарға | басқа да жер алап. тары |
| 20 | - | 20 | - |
| 209 | - | 200 | 9 |
| 10960 | 200 | 1 | 10759 |
| 11189 | 200 | 221 | 10768 |
| 134 | - | 134 | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11323 | 200 | 355 | 10768 |
| 20 | - | 20 | - |
| 343 | - | 334 | 9 |
| 10960 | 200 | 1 | 10759 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК